

## **Мұғалжар аудандық мәслихатының ШЕШІМІ**

**ЖОБА**

### **Мұғалжар аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 7 бабына, Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27 бабына сәйкес, Мұғалжар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, Мұғалжар аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Мұғалжар аудандық  
мәслихатының хатшысы**

**Р.Мусенова**

Мұғалжар аудандық мәслихатының  
шешіміне қосымша

Күші жойылды деп танылатын Мұғалжар аудандық мәслихатының кейбір  
шешімдерінің тізбесі

1) Мұғалжар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 21 қарашадағы №119 «Мұғалжар ауданы бойынша сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару Қағидаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5717 тіркелген) шешімі;

2) Мұғалжар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 18 шілдедегі №336 «Мұғалжар ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6296 тіркелген) шешімі;

3) Мұғалжар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 19 желтоқсандағы №375 «Мұғалжар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 21 қарашадағы №119 «Мұғалжар ауданы бойынша сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару Қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6584 тіркелген) шешімі.